

## Ауыл шаруашылығының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 24 қараша N 1777

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қор) оның құрамынан мемлекеттің 100 проценттік қатысуымен "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамын бөлу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамының негізгі функциялары:

1) ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін несиелендіру мен қаржылық қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

2) ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу саласында жұмыс істейтін ауыл шаруашылығы ұйымдарына лизингтік негізде техникалар мен технологиялық жабдықтар ұсыну;

3) ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін несиелендіру үшін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері мүлкінің кепілімен екінші деңгейдегі банктерге кепілдік беру;

4) өз қаражатының, сондай-ақ тартылатын инвестициялардың есебінен несиелендіру жолымен ауыл шаруашылығы секторына көмек көрсету болып а й қ ы н д а л с ы н .

3. Заңдарда белгіленген тәртіппен "Республикалық ипотекалық несиелендіру қоры" ашық акционерлік қоғамы таратылсын.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) бөлу балансын бекітсін;

2) "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамын 65 000 000 (алпыс бес миллион) теңге мөлшеріндегі жарғылық капиталымен әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамның жарғысын бекітсін;

2) "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне берсін.

6. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі заңдарда

белгіленген тәртіппен "Республикалық ипотекалық несиелендіру қоры" ашық акционерлік қоғамын таратуды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамына "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамының жарғысында көзделген қызметті жүзеге асыру үшін қажетті банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүргізуге лицензия беру ұсынылсын.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.